

Павлодар қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 85/2 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, Павлодар қаласы әкімдігінің актілерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, Павлодар қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар қаласы әкімдігінің:

- 2006 жылғы 5 сәуірдегі "Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау туралы" № 495/5 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12-1-66 тіркелген, 2006 жылғы 22 мамырда "Сарыарқа самалы", "Версия" газеттерінде жарияланған);

- 2007 жылғы 9 қарашадағы "Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" № 1444/24 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12-1-99 тіркелген, 2007 жылғы 13 желтоқсанда "Сарыарқа самалы", 2007 жылғы 3 желтоқсанда "Версия" газеттерінде жарияланған);

- 2009 жылғы 19 мамырдағы "Бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының түлектерін - жастарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар ұйымдастыру туралы" № 646/9 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12-1-138 тіркелген, 2009 жылғы 1 маусымда "Версия" газетінде жарияланған);

- 2012 жылғы 9 шілдедегі "Павлодар қаласында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және кәмелетке толмаған интернаттық ұйымдар түлектері үшін жұмыс орындар квотасын белгілеу туралы" № 1008/21 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12-1-190 болып тіркелген, 2012 жылғы 30 шілдеде "Версия", 2012 жылғы 3 тамызда "Шаһар" газеттерінде жарияланған);

- 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Павлодар қаласында әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар мен халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" № 551/2 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3812 тіркелген, 2014 жылғы 26 мамырда "Версия" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қолданыстағы заңнамаға

сәйкес қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Т. В. Фишерге жүктелсін.

Павлодар қаласының әкімі

Б. Бақауов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК